



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 7 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 8 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 16 Қазақстанның төлем жүйелерінің 2014 жылғы 1 тоқсандағы жұмыс істеуі туралы ақпарат
- 19 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

редакторы:

Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

кеңес мүшелері:

Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаментінің төлем жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті директорының орынбасары;

Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-аудармашысы;

шығарылымға жауапты:

Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Шығарылым кезеңдігі – айына 2 рет
Жылына жалпы шығарылымы – 24 нөмір
Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
тел. +7 (727) 3 94 41 67

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 35 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 11 мамыр

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2013 жылы
мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі
қызметі туралы есепті жария талқылау туралы*

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес орталық мемлекеттік органдар жыл сайын «электрондық үкіметтің» веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмет туралы есепті (бұдан әрі – Есеп) орналастырады.

Орталық мемлекеттік органдар көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен Есептерге жылына кемінде бір рет жария талқылаулар өткізеді.

Есеп Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында «Ұлттық Банктің мемлекеттік қызметтері» бөлімінде орналастырылған.

Осыған байланысты 2014 жылғы 5 маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz/forum мекенжайындағы интернет-ресурсында Есепті жария талқылау өткізілетінін хабарлаймыз.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 36 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 13 мамыр**

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2014 жылғы сәуірде инфляция 0,6% (2013 жылғы сәуірде – 0,3%) болды. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 1,0%-ға (0,2%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,6%-ға (0,2%-ға) өсті. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,2%-ға (0,5%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2014 жылғы сәуірде көбінесе қант – 6,1%-ға, жемістер мен көкөністер – 3,1%-ға, оның ішінде орамжапырақ – 18,2%-ға, пияз – 10,2%-ға, картоп – 8,1%-ға, күріш – 2,2%-ға, ұн – 1,6%-ға, сүт өнімдері – 1,5%-ға, шәй – 1,3%-ға, макарон өнімдері – 1,2%-ға, балық және теңіз өнімдері – 1,1%-ға, нан – 0,7%-ға қымбаттады. Бұдан басқа, кондитер өнімдерінің бағасы 1,2%-ға, алкогольсіз сусындар – 1,1%-ға өсті. Жұмыртқаның бағасы 1,0%-ға, ет және ет өнімдері – 0,2%-ға және күнбағыс майы – 0,6%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында матаның бағасы 1,4%-ға, аяқ киім – 0,7%-ға, тұрмыстық үй заттары – 0,9%-ға, оның ішінде ыдыс және асхана құралдары – 1,4%-ға, жуу және тазалау құралдары – 1,3%-ға, сондай-ақ дәрі-дәрмектер – 0,9%-ға қымбаттады. Бензиннің және дизель отынының құны өзгерген жоқ.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 0,2%-ға өсті. Бұл ретте коқыс жинағаны және тұрғын үйді жалға алғаны үшін тарифтер – 0,8%-ға, тұрғын үйді ұстау – 0,5%-ға өсті. Бұдан басқа, өткен айда медициналық қызмет көрсету бағасы – 1,1%-ға, білім беру қызметі – 0,7%-ға, көлік қызметі – 0,2%-ға өсті, байланыс қызметінің бағасы 0,6%-ға төмендеді.

2014 жылғы қаңтар-сәуірде инфляция 3,9% (2013 жылғы қаңтар-сәуірде – 2,2%) болды. Азық-түлік тауарлары 2014 жылдың басынан бастап 4,3%-ға (1,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 3,8%-ға (0,8%-ға), ақылы қызмет көрсету – 3,5%-ға (4,6%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

2013 және 2014 жж. қаңтар-сәуірдегі инфляция және оның құрамдас бөліктері



2014 жылғы сәуірде инфляция жылдық көрсетуде 6,5% (2013 жылғы желтоқсанда – 4,8%) болды. Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 6,3%-ға (3,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 6,4%-ға (3,3%-ға), ақылы қызметтер – 7,0%-ға (8,0%-ға) қымбаттады.

2. 2014 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансы (алдын ала нәтижелер)

Төлем балансын алдын ала бағалау бойынша ағымдағы операциялар шотының профициті 2013 жылғы 1-тоқсандағы 2,2 млрд. АҚШ долларымен салыстырғанда 2014 жылғы 1-тоқсанда 5,5 млрд. АҚШ долларын құрады.

Ағымдағы операциялар шотының жақсаруы сауда балансы профицитінің 2013 жылғы 1-тоқсанмен

салыстырғанда 13,3 млрд. АҚШ долларына дейін (2013 жылғы 1-тоқсанда 10,3 млрд. АҚШ доллары) 28,8%-ға ұлғаюы есебінен болды. Бұл ретте тауарлар экспорты 22,7 млрд. АҚШ долларына дейін 10,8%-ға өсті, ал тауарлар импорты 9,4 млрд. АҚШ долларына дейін 7,4%-ға қысқарды.

Бастапқы кірістермен (еңбекақы, инвестициялық және басқа да бастапқы кірістер) операциялар бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі 2013 жылғы 1-тоқсандағы 6,5 млрд. АҚШ долларымен салыстырғанда 6,2 млрд. АҚШ доллары болып бағаланды.

Ағымдағы шоттың басқа құрамдас бөліктері бойынша халықаралық қызметтердің және қайталама кірістердің (ағымдағы трансферттің) теріс дисбаланстары тиісінше 1,4 млрд. АҚШ долларын және 0,2 млрд. АҚШ долларын құрады.

Алдын ала бағалау бойынша қаржылық шот сальдосы (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды есептегенде) 2014 жылғы 1-тоқсанда 1,3 млрд. АҚШ долларын құрады (2013 жылғы 1-тоқсанда 0,7 млрд. АҚШ доллары).

Шетелдік тікелей инвестициялар бойынша қаржы активтерін таза сатып алу 0,5 млрд. АҚШ доллары сомасында теріс болып қалыптасты, ал міндеттемелерді таза қабылдау 2,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Нәтижесінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша теріс дисбаланс (таза әкеліну) 2013 жылғы 1-тоқсандағы 2,0 млрд. АҚШ долларынан 2014 жылғы 1-тоқсанда 2,6 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайды.

Портфельдік инвестициялар бойынша оң сальдо 4,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Портфельдік инвестициялар бойынша активтерді 4,1 млрд. АҚШ долларындағы таза сатып алу Ұлттық қордың шетелдік активтерінің өсуімен қамтамасыз етілді. Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 0,2 млрд. АҚШ долларында теріс болып қалыптасты.

3. Халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары

2014 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 28,4 млрд. АҚШ долларына дейін 7,1%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 15,1%-ға ұлғайды). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 7,6%-ға өсіп, 27,6 млрд. АҚШ долларын құрады (жыл басынан бері 14,4%-ға ұлғайды). Ішкі валюта нарығында валютаны сатып алу және Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына валютаның түсуі Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсетумен, Ұлттық қор активтерін толықтырумен, сондай-ақ банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2014 жылғы сәуірде 9,5%-ға ұлғайды, алтындағы активтер оның әлемдік нарықтардағы бағасы шамалы төмендеген кезде жүргізілген операциялар салдарынан 1,7%-ға өсті.

2014 жылғы сәуірде елдің халықаралық резервтері, жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 73,6 млрд. АҚШ долл.) 102,0 млрд. АҚШ долларына дейін 2,7%-ға өсті (жыл басынан бері 7,1%-ға өсті).

2014 жылғы сәуірде ақша базасы 6,6%-ға кеңейіп, 3633,3 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 28,7%-ға кеңейді). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептегендегі ақша базасы 3461,0 млрд. теңгеге дейін 2,4%-ға кеңейді.

2014 жылғы наурызда ақша массасы 12796,2 млрд. теңгеге дейін 2,9%-ға ұлғайды. Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1319,9 млрд. теңгеге дейін 5,7%-ға азайды, банк жүйесіндегі депозиттер 4,0%-ға өсіп, 11476,3 млрд. теңге болды. Ақша массасы құрылымындағы депозиттердің үлесі 2014 жылғы қаңтар-наурызда тіркелген айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі нәтижесінде 2013 жылғы желтоқсандағы 87,0%-дан 2014 жылғы наурызда 89,7%-ға дейін ұлғайды.

Ақша мультипликаторы 2014 жылғы қаңтар-наурызда тіркелген ақша массасының өсу қарқынына қарағанда, ақша базасының кеңею қарқынының асып кетуі салдарынан 2013 жылғы желтоқсандағы 4,11-ден 2014 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша 3,75-ке дейін төмендеді.

4. Валюта нарығы

2014 жылғы сәуірде теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 182,01–182,07 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 182,06 теңге болды.

2014 жылғы сәуірде қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор

биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2014 жылғы наурызбен салыстырғанда 51,7%-ға төмендеп, 4,0 млрд. АҚШ долларын құрады. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 0,6 млрд. АҚШ долларына дейін 34,3%-ға төмендеді.

Жалпы алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2014 жылғы наурызбен салыстырғанда 49,9%-ға төмендеп, 4,6 млрд. АҚШ долларын құрады.

5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2014 жылғы сәуірде Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 4 аукцион өткізілді. Онда 7 жылдық МЕУКАМ (22,4 млрд. теңге), 13 жылдық МЕУКАМ (8,0 млрд. теңге), 15 жылдық МЕУКАМ (6,3 млрд. теңге), 16 жылдық МЕУКАМ (3,2 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 7 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,65%-ды, 13 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,1%-ды, 15 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,47%-ды, 16 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,41%-ды құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 0,6%-ға ұлғайып, 2014 жылғы сәуірдің аяғында 3695,3 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.

2014 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің ноттарын орналастыру бойынша аукциондар өткізілген жоқ.

Нәтижесінде 2014 жылғы сәуірдің аяғында айналыстағы ноттардың көлемі 2014 жылғы наурызбен салыстырғанда өзгерген жоқ және 8,9 млрд. теңгені құрады.

6. Банкаралық ақша нарығы

2014 жылғы наурызда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2014 жылғы ақпанмен салыстырғанда 3,9%-ға ұлғайып, баламасында 3171,6 млрд. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 8,8%-ға ұлғайды және 121,9 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 3,8%-ы) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы ақпандағы 3,3%-дан 2014 жылғы наурызда 5,8%-ға дейін өсті.

2014 жылғы наурызда доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 2014 жылғы ақпанмен салыстырғанда 0,6%-ға қысқарып, 16,3 млрд. АҚШ доллары (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 93,7%-ы) болды. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы ақпандағы 0,053%-дан 2014 жылғы наурызда 0,046%-ға дейін төмендеді.

Ресей рублімен және еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі көп емес – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен тиісінше 1,3% және 1,1%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен 2014 жылғы ақпандағы 96,3%-дан 2014 жылғы наурызда 96,2%-ға аздап қысқарды. Шетел валютасымен резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінен 2014 жылғы ақпандағы 95,0%-дан 2014 жылғы наурызда 95,7%-ға дейін өсті.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2014 жылғы наурызда 2014 жылғы ақпанмен салыстырғанда 73,7%-ға ұлғайып, 93,8 млрд. теңгені құрады.

7. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2014 жылғы наурызда 11476,3 млрд. теңгеге дейін 4,0%-ға артты. Занды тұлғалардың депозиттері бір айда 7380,6 млрд. теңгеге дейін 5,6%-ға өсті, жеке тұлғалардың депозиттері 4095,7 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға ұлғайды.

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2014 жылғы наурызда 3,2%-ға 6007,4 млрд. теңгеге дейін (занды тұлғалар – 6,7%-ға өсу, жеке тұлғалар – 3,8%-ға төмендеу) ұлғайды, шетел валютасындағы – 5,0%-ға 5468,9 млрд. теңгеге дейін (занды тұлғалар – өсім 4,3%, жеке тұлғалар – өсім 6,0%) өсті. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 52,8%-дан 52,3%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегенде) банктердегі салымдары 2014 жылғы наурызда 4131,7 млрд. теңгеге дейін 1,2%-ға ұлғайды. Халық салымдарының құрылымында теңгедегі депозиттер 1883,6 млрд. теңгеге дейін 4,0%-ға төмендеді, шетел валютасындағы депозиттер 2248,0 млрд. теңгеге

дейін 6,0%-ға көтерілді. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 48,0%-дан 45,6%-ға дейін азайды.

2014 жылғы наурызда мерзімді депозиттер 7731,9 млрд. теңгеге дейін 4,1%-ға ұлғайды. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгедегі депозиттер 3865,6 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға төмендеді, шетел валютасындағы депозиттер 3866,4 млрд. теңгеге дейін 9,0%-ға ұлғайды.

2014 жылғы наурызда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 6,1% (2014 жылғы ақпанда – 4,3%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 7,5% (8,2%) болды.

8. Кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2014 жылғы наурызда 12166,6 млрд. теңгені құрап, 0,8%-ға өсті.

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 7941,0 млрд. теңгеге дейін 0,01%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы кредит көлемі 4225,6 млрд. теңгеге дейін 2,3%-ға өсті. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 65,8%-дан 65,3%-ға дейін төмендеді.

Ұзақмерзімді кредиттеу 2014 жылғы наурызда 9771,6 млрд. теңгені құрап, 0,4%-ға көтерілді, қыскамерзімді кредиттеу 2395,1 млрд. теңгеге дейін 2,4%-ға өсті. Ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 80,6%-дан 80,3%-ға дейін төмендеді.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2014 жылғы наурызда 8310,5 млрд. теңгеге дейін 0,4%-ға артты, жеке тұлғаларға кредиттер 3856,1 млрд. теңгеге дейін 1,8%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 31,4%-дан 31,7%-ға дейін ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2014 жылғы наурызда 1394,9 млрд. теңгеге дейін 1,8%-ға ұлғайды, бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 11,5%-ын құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға берілген кредиттерінің анағұрлым айтарлықтай сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,1%), құрылыс (12,0%), өнеркәсіп (11,1%), көлік (3,7%) және ауыл шаруашылығы (3,6%) сияқты салаларға тиесілі.

2014 жылғы наурызда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,7% (2014 жылғы ақпанда – 10,2%), жеке тұлғаларға – 19,7% (20,0%) болды.

9. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындары мониторингінің 2014 жылғы 1-тоқсандағы нәтижелері туралы

2014 жылғы сәуірде экономиканың нақты секторындағы ахуалды бағалау мақсатында 2014 жылғы 1-тоқсан бойынша кәсіпорындардың кезекті мониторингі жүргізілді. Ел экономикасының негізгі салаларын көрсететін мониторингке қатысушы кәсіпорындардың саны 2013 жылғы 4-тоқсан бойынша пікіртерімен салыстырғанда 2678-ден 2689-ға дейін, оның ішінде орташа және ірілері – 1551-ге дейін ұлғайды.

2014 жылғы 1-тоқсанда теңге бағамының АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне қатысы бойынша өзгеруінен шаруашылық қызметіне теріс әсері болған кәсіпорындардың үлесі ұлғайды (тиісінше 51,1%-ға, 38%-ға және 38,9%-ға дейін). Осы валюталарға қатысты теңге бағамының өзгеруінен шаруашылық қызметіне әсерін байқамаған кәсіпорындардың үлесі тиісінше 31,1%, 41,7% және 42,4% болды.

2014 жылғы 1-тоқсанда кредит алған кәсіпорындардың үлесі шамалы төмендеді (2013 жылғы 4-тоқсанда 21,5%-дан 20%-ға дейін), ал банктердің кредиттері бойынша берешегі бар кәсіпорындардың саны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда азайып, 36,4%-ды құрады. 2014 жылғы 2-тоқсанда кредит алуға кәсіпорындардың 23,8%-ы ниеттеніп отыр (2014 жылғы 1-тоқсанда - 22,4%).

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі айтарлықтай төмендеді: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі өсті (37,1%-ға дейін), ал осы мақсаттарда меншікті қаражатын және банктердің кредиттерін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі азайды (тиісінше 57,9%-ға және 5,6%-ға дейін).

Теңгедегі кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі 12,1%-дан 11,9%-ға дейін төмендеді, ал шетел валютасындағы кредиттер бойынша өсті (2013 жылғы 4-тоқсандағы 9,3%-дан 9,8%-ға дейін).

Кәсіпорындардың дайын өніміне деген жалпы сұраныс тұтастай алғанда экономиканың нақты секторы бойынша айтарлықтай төмендеді. Бұл ретте сұраныстың төмендегінін кәсіпорындардың 29,2%-

ы (2013 жылғы 4-тоқсанда – 21,4%), ұлғайғанын пікіртерімге қатысушылардың 13,0%-ы (2013 жылғы 4-тоқсанда – 20,1%) атап өтті.

«Тұру және тамақтану жөніндегі қызметтер», «өңдеуші өнеркәсіп», «көлік және қоймаға жинақтау», «құрылыс» сияқты салаларда сұраныстың айтарлықтай төмендегені байқалды. Сонымен қатар сұраныстың айтарлықтай өсуі «сумен қамту; кәріз жүйесі, қалдықтардың жинақталуын және бөлінуін бақылау» салаларында болды. Сұраныстың өсу қарқынының айтарлықтай баяулауы «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау» саласында болды.

2014 жылғы 2-тоқсанда 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда тұтастай алғанда нақты сектор бойынша, кәсіпорындардың күтуінше, дайын өнімге деген сұраныс көтеріледі.

Кәсіпорындардың дайын өніміне деген баға тұтастай алғанда нақты сектор бойынша 2014 жылғы 1-тоқсанда айтарлықтай өсті. Салалар бойынша осындай бағалардың қалыпты өсуі сияқты ахуал «өңдеуші өнеркәсіп», «құрылыс», «электрмен жабдықтау, газ, бу беру...», «тұру және тамақтану жөніндегі қызметтер», «ауыл, орман және балық шаруашылығы», «сумен қамту; кәріз жүйесі...» салаларында байқалды.

Тұтыну өнімдері мен қызметтерін өндіруші-кәсіпорындардың дайын өнімінің бағалары да (бұдан әрі – тұтыну өнімдері мен қызметтерінің бағалары) 2014 жылғы 1-тоқсанда қалыпты өсуін жалғастырды.

2014 жылғы 2-тоқсанда 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда тұтастай алғанда экономиканың нақты секторы бойынша дайын өнімге деген бағалардың өсу қарқынының аздап баяулауы күтіледі. Бағалардың өсу қарқынының айтарлықтай ұлғаюы «құрылыс», «өңдеуші өнеркәсіп», «ауыл, орман және балық шаруашылығы», «тұру және тамақтану жөніндегі қызметтер», «тау-кен өндіру өнеркәсібі» сияқты салаларда күтіледі.

Тұтыну өнімдері мен қызметтерінің бағалары 2014 жылғы 2-тоқсанда, кәсіпорындардың күтуінше, қарқынның аздап баяулауымен қалыпты өсуін жалғастырады.

2014 жылғы 1-тоқсанда шикізат пен материалдар бағалары салыстырмалы түрде жоғары қарқынмен өсуін жалғастырды. Бағалардың өсу қарқынының ұлғаюы «тұру және тамақтану жөніндегі қызметтер», «өңдеуші өнеркәсіп», «электрмен жабдықтау, газ, бу беру...», «құрылыс», «ауыл, орман және балық шаруашылығы», «тау-кен өндіру өнеркәсібі» сияқты салаларда байқалды.

Бағалардың төмендеуін күтетін кәсіпорындар үлесі 2014 жылғы 1-тоқсандағы 1,1%-дан 0,5%-ға дейін азайды.

Нақты сектордың қаржылық жай-күйі, тұтастай алғанда, 2014 жылғы 1-тоқсанда аздап нашарлады: рентабельділігі төмен және шығынды кәсіпорындар үлесі ұлғайды (2013 жылғы 4-тоқсандағы 23,2%-дан 24,5%-ға дейін), рентабельділігі орташа және жоғары кәсіпорындар үлесі азайды (2013 жылғы 4-тоқсандағы 76,8%-дан 75,5%-ға дейін).

2014 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	01-04-05	05.05	06.05	07-11-05	12.05	13.05	14.05	15.05	16.05	17-19.05
Австралия доллары	AUD	168,97	168,77	169,29	170,48	170,59	169,95	171,18	170,67	170,2
Әзірбайжан манаты	AZN	232,72	232,67	232,66	232,8	232,7	232,67	232,71	232,66	232,63
Ағылшын фунт стерл.	GBP	306,17	307,01	308,32	306,89	307,43	306,65	306,06	304,99	305,83
100 Белорусь рублі	BYR	1,83	1,82	1,82	1,83	1,82	1,82	1,82	1,82	1,82
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	81,43	82	81,11	82,34	82,3	82,22	82,22	82,68	82,07
10 Венгер форингі	HUF	8,19	8,22	8,25	8,25	8,26	8,25	8,23	8,22	8,18
1 Гонконг доллары	HKD	23,48	23,48	23,48	23,5	23,49	23,48	23,49	23,48	23,48
Дат кронасы	DKK	33,73	33,83	33,97	33,59	33,58	33,53	33,48	33,34	33,45
БАӘ дирхамы	AED	49,57	49,56	49,55	49,59	49,56	49,56	49,56	49,56	49,55
АҚШ доллары	USD	182,06	182,02	182,01	182,14	182,04	182,02	182,05	182,03	182,01
Еуро	EUR	251,68	252,46	253,47	250,57	250,6	250,2	249,81	248,82	249,64
Үнді рупиясы	INR	3,02	3,03	3,03	3,04	3,05	3,04	3,07	3,07	3,08
Канада доллары	CAD	166,14	165,94	166,23	167,21	167,13	166,85	167,06	167,52	167,44
Қытай юані	CNY	29,09	29,08	29,24	29,25	29,19	29,22	29,23	29,22	29,2
Қырғыз сомы	KGS	3,37	3,4	3,4	3,48	3,47	3,48	3,48	3,49	3,55
100 Оңтүстік Корея вонасы	KRW	17,63	17,68	17,68	17,79	17,78	17,81	17,72	17,76	17,77
Кувейт динары	KWD	647,67	648,45	648,41	647,72	647,37	646,84	646,48	645,73	646,11
Литва литі	LTL	72,93	73,17	73,44	72,61	72,6	72,5	72,39	72,07	72,35
Малайзия ринггиті	MYR	55,8	55,74	55,97	56,44	56,24	56,23	56,57	56,44	56,31
Молдова лейі	MDL	13,82	13,78	13,78	13,75	13,74	13,68	13,66	13,66	13,6
Норвег кронасы	NOK	30,49	30,68	30,71	30,82	30,81	30,74	30,76	30,69	30,62
Польша злотыйы	PLN	59,94	60,09	60,32	59,95	59,97	59,83	59,77	59,53	59,57
Ресей рублі	RUB	5,1	5,08	5,11	5,17	5,19	5,22	5,24	5,25	5,23
Сауд Аравиясының риялы	SAR	48,54	48,54	48,53	48,57	48,54	48,53	48,54	48,53	48,53
СДР	XDR	282,3	282,4	282,66	282,35	282,2	281,79	281,3	281,2	280,73
Сингапур доллары	SGD	144,95	145,28	145,72	145,95	145,61	145,46	145,8	145,46	145,39
Тәжік сомониі	TJS	37,74	37,26	37,75	37,52	37,5	37,49	37,5	37,53	37,49
Тайланд баты	THB	5,63	5,62	5,63	5,59	5,58	5,59	5,62	5,62	5,6
1 түрік лирасы	TRY	86,06	86,59	86,84	87,76	87,71	87,81	88,1	87,72	86,75
100 Өзбек сумы	UZS	8,01	8,02	8,02	8,02	8,02	8,02	8,02	8,02	8,02
Украин гривнасы	UAH	15,83	15,83	15,69	15,67	15,52	15,52	15,56	15,49	15,28
Чех кронасы	CZK	9,18	9,2	9,24	9,16	9,15	9,13	9,12	9,08	9,1
Швед кронасы	SEK	27,78	27,98	27,94	27,71	27,81	27,8	27,78	27,73	27,71
Швейцар франкі	CHF	206,37	207,38	208,25	205,48	205,39	204,98	204,83	203,77	204,46
Оңтүстік Африка ранды	ZAR	17,26	17,45	17,3	17,68	17,67	17,74	17,8	17,63	17,56
1 жапон йенасы	JPY	1,78	1,79	1,78	1,79	1,79	1,78	1,79	1,79	1,79

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда- саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
14.04-18.04	182,06	182,05	0,01	579,10
21.04-25.04	182,02	182,02	-0,02	868,40
28.04-02.05	0,00	182,05	0,02	621,80
28.04.2014	182,01	182,02	0,01	107,20
29.04.2014	182,02	182,05	0,02	316,85
30.04.2014	182,05	182,06	0,01	197,75
04.05-06.05	182,02	182,01	-0,02	467,65
04.05.2014	182,06	182,02	-0,02	52,70
05.05.2014	182,02	182,02	0,00	154,60
06.05.2014	182,02	182,01	-0,01	260,35

* - өткен кезеңге өзгерістер




2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржымінінің МБҚ				
03.03-07.03	1,01	14,35	7,22	2,0
11.03-14.03	1,56	67,19	6,80	20,9
17.03-20.03	1,11	100,0	6,25	22,2
26.03-28.03	-	-	-	-
31.03-04.04	-	-	-	-
07.04-11.04	1,36	82,66	6,65	22,4
14.04-18.04	0,29	99,43	7,47	6,3
21.04-25.04	0,12	91,34	7,41	3,2
28.04-30.04	0,22	24,26	6,42	1,1
04.05-06.05	0,28	100,0	7,10	8,0
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
03.03-07.03	-	-	-	-
11.03-14.03	-	-	-	-
17.03-20.03	-	-	-	-
26.03-28.03	-	-	-	-
31.03-04.04	-	-	-	-
07.04-11.04	-	-	-	-
14.04-18.04	0,50	100,0	3,27	5,0
21.04-25.04	-	-	-	-
28.04-30.04	-	-	-	-
04.05-06.05	-	-	-	-

Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн. теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржыминінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақмерзімді	орташамерзімді	қысқамерзімді	
21.02.14	3 661 433,96	3 004 047,21	573 390,85	75 076,40	8 919,50
28.02.14	3 682 433,96	3 025 047,21	573 390,85	75 076,40	8 919,50
07.03.14	3 684 467,15	3 027 080,40	573 390,85	75 076,40	8 919,50
14.03.14	3 683 086,66	3 033 714,12	573 390,85	67 062,19	8 919,50
20.03.14	3 705 308,20	3 055 935,67	573 390,85	67 062,19	8 919,50
28.03.14	3 705 308,20	3 055 935,67	573 390,85	67 062,19	8 919,50
04.04.14	3 664 317,52	3 034 428,67	573 390,85	47 578,50	8 919,50
11.04.14	3 686 717,52	3 056 828,67	573 390,85	47 578,50	8 919,50
18.04.14	3 692 993,46	3 063 118,11	573 390,85	47 578,50	8 906,00
25.04.14	3 696 173,90	3 066 298,55	573 390,85	47 578,50	8 906,00
30.04.14	3 704 176,86	3 074 301,51	573 390,85	47 578,50	8 906,00
06.05.14	3 691 630,17	3 075 358,07	573 390,85	33 975,25	8 906,00

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2005 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	6,691
01.05.2014	5,449
02.05.2014	5,499
05.05.2014	5,439
09.05.2014	5,308
эмиссия басынан бері	-1,383
апта үшін	-0,141




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі, %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі, %
28.04-30.04	170,7	2 178,3	-28,8	252,7	71,2	-34,7
04.05-06.05	211,7	2 878,2	32,1	431,0	120,9	-13,0

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі



5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ


Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
	30.04.2014	09.05.2014	кезең үшін	2001ж.жел.бастап
Dow Jones	16 580,84	16 583,34	0,02%	63,59%
Nikkei 225	14 304,11	14 199,59	-0,73%	34,69%
DAX	9 603,23	9 581,45	-0,23%	85,68%
FTSE	6 780,03	6 814,57	0,51%	31,08%
Hang Seng	22 133,97	21 862,99	-1,22%	91,25%

Дow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы




Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	30.04.2014	09.05.2014	кезең үшін	2001ж. желт. бастап
USD/JPY	102,24	101,87	-0,36%	-22,30%
GBP/USD	1,6873	1,6851	-0,13%	16,11%
EUR/USD	1,3867	1,3759	-0,78%	55,38%
USD/RUR	35,70	35,03	-1,86%	14,89%

**Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатынасы
бйынша бағамдары**



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		30.04.2014	09.05.2014	кезең үшін	2001ж. жел. бастап
алтын	тр.ун.	1291,6	1288,8	-0,21%	365,86%
мыс	метр.тонна	6 659,5	6 795,5	2,04%	365,30%
мырыш	метр.тонна	2 040,3	2 028,3	-0,59%	162,90%
мұнай	баррель	108,65	107,67	-0,90%	430,39%
астық	тонна	260,33	255,55	-1,84%	153,37%

Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің банкаралық қысқа мерзімді депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналастыр-ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналастыр-ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналастыр-ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналастыр-ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)
07.04.14-11.04.14								
KZT	59 750 000	2,54	2 000 000	9,00	2 187 000	5	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	3 025 022	0,04	222	6,69
EURO	0	0,00	0	0,00	35 000	0,10	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 686 180	6,92	0	0,00
14.04.14-18.04.14								
KZT	61 900 000	2,61	0	0,00	2 884 000	4	0	0,00
USD	0	0,00	15 000	0,40	2 488 195	0,04	10 000	0,50
EURO	1 700	0,05	0	0,00	2 200	0,40	3 000	1,80
RUR	0	0,00	0	0,00	2 590 560	7,43	0	0,00
21.04.14-25.04.14								
KZT	82 650 000	2,66	0	0,00	955 000	4	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 158 124	0,04	222	6,82
EURO	6 900	0,05	0	0,00	1 812	4,48	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	3 526 800	7,40	0	0,00
28.04.14-30.04.14								
KZT	73 150 000	2,68	1 000 000	8,50	1 475 000	2	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	1 009 100	0,05	0	0,00
EURO	4 300	0,05	0	0,00	178	9,50	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 011 300	7,72	0	0,00


*- мың валюта бірлігі



Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валюталардың түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: резидент банктер
		мың валюта бірлігі	% *		
07.04.14-11.04.14 USD RUB EUR	162 936 58 500 1 512	130 746 58 500 1 512	80,2 100,0 100,0	182,04 5,12 252,08	182,04 5,12 252,12
14.04.14-18.04.14 USD RUB EUR	125 747 54 000 1 285	92 990 54 000 1 285	74,0 100,0 100,0	182,04 5,10 251,49	182,04 5,10 251,51
21.04.14-25.04.14 USD RUB EUR	82 804 129 441 705	50 500 129 000 705	61,0 99,7 100,0	182,02 5,10 251,76	182,03 5,10 251,76
28.04.14-02.05.14 USD RUB EUR	128 929 27 000 805	90 800 20 000 805	70,4 74,1 100,0	182,05 5,08 252,26	182,04 5,09 252,34

* резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



*Қазақстанның төлем жүйелерінің 2014 жылғы I тоқсандағы
жұмыс істеуі туралы ақпарат*

*Қазақстан Республикасының төлемдер жүйелеріндегі
төлемдер ағыны және көлемі*

Тұтастай алғанда Қазақстанның төлем жүйелері арқылы (Банкаралық ақша аударымы жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі) 2014 жылғы I тоқсанда 43 230,2 млрд. теңге (немесе 254,0 млрд. АҚШ долл.) сомаға 7,7 млн. транзакция жүргізілді. 2013 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда төлем жүйелеріндегі төлемдер саны 2,7% (212,9 мың транзакцияға) азайды, төлемдер сомасы 20,2% (7 265,1 млрд. теңгеге) ұлғайды.

Банкаралық ақша аударымы жүйесі (БААЖ)

2014 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша БААЖ-де 50 пайдаланушы тіркелді.

2014 жылғы I тоқсанда барлығы БААЖ арқылы 42 196,0 млрд. теңге (247,9 млрд. АҚШ долл.) сомаға 3,1 млн. транзакция жүзеге асырылды. 2013 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда төлемдер саны 0,4%-ға (12,9 мың транзакция) азайды, ал төлемдер сомасы 20,4%-ға (7 158,4 млрд. теңге) өсті.

Орташа алғанда бір күнде БААЖ арқылы 2014 жылғы I тоқсанда 753,5 млрд. теңге сомаға 54,9 мың транзакция өтті, бұл 2013 жылғы осы кезеңдегі деңгейден саны бойынша 1,4%-ға (0,7 мың транзакция) көп және сомасы бойынша 22,6%-ға (138,8 млрд. теңге) жоғары. Бұл ретте БААЖ-дегі бір төлем құжатының орташа сомасы 2014 жылғы I тоқсанда 13,7 млн. теңге болды және 2013 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда 20,9%-ға (2,4 млн. теңге) ұлғайды.

Негізінен жүйе арқылы Қазақстан резиденттерінің бағалы қағаздарымен (БААЖ-дегі төлемдердің жалпы көлемінен 43,2%), банкаралық депозиттермен және банктер мен олардың клиенттерінің меншік қаражатының аударымдарымен операциялар бойынша (тиісінше 12,8%), сондай-ақ шетел валютасымен және бағалы металдармен операциялар бойынша (18,9%) төлемдер жүргізіледі. Тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін төлемдердің көлемі жүйеде өңделген төлемдердің жалпы көлемінен 11,2% болды.

Банкаралық клиринг жүйесі

2014 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша ҚБЕО Банкаралық клирингі жүйесінде 39 қатысушы тіркелді.

2014 жылғы I тоқсанда көрсетілген жүйе арқылы 1 034,3 млрд. теңге (6,1 млрд. АҚШ долл.) сомаға 4,7 млн. төлем хабарламасы өңделді. 2013 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда клиринг жүйесіндегі құжаттар саны 4,1% (200,0 мың құжат) азайды, төлемдер сомасы 11,5%-ға (106,6 млрд. теңге) өсті.

Орташа алғанда бір күнде клиринг жүйесі арқылы 2014 жылғы I тоқсанда 18,5 млрд. теңге сомаға 83,3 мың төлем хабарламасы өтті, бұл 2013 жылғы осындай кезеңдегі деңгейден төлемдер сомасы бойынша 13,5%-ға (2,2 млрд. теңге) көп болды. Бұл ретте 2014 жылғы I тоқсанда Банкаралық клиринг жүйесіндегі бір төлемнің орташа сомасы 221,7 мың теңге болды және 2013 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда 16,3%-ға (31,0 мың теңге) ұлғайды.

Клиринг жүйесіндегі төлемдердің негізгі көлемі тауарлар және материалдық емес активтер (жүйедегі төлемдердің жалпы көлеміндегі үлесі 30,5% болды), көрсетілген қызметтер (үлесі – 25,5%) үшін есеп айырысулар бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің төлемдеріне тиесілі, бұл ретте бюджетке төлемдер және бюджеттен төлемдер төлемдердің жалпы көлемінен 22,4% болды.

Төлем құралдарын пайдалану.

Төлем карточкалары.

2014 жылғы I тоқсанда төлем карточкалары нарығының одан әрі дамуы байқалады, бұл карточкалардың эквайерлері санының, эмиссияланған және таратылған карточкалар және оларды ұстаушылар санының, транзакциялар көлемінің өсуімен сипатталады, сондай-ақ банктер ұсынатын жаңа карточкалық өнімдер мен қызметтердің мүмкіндік аясын кеңейтумен сипатталады.

2014 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша төлем карточкаларын 24 екінші деңгейдегі банк және «Казпочта» АҚ шығарды.

Қазақстандық банктер және «Қазпочта» АҚ эмиссиялаған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 2014 жылғы 1 сәуірде 16,4 млн. бірлік болды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейден 26,3% (3,4 млн. бірлік) артық. Осы карточкаларды ұстаушылар саны талданып отырған кезеңде 23,4%-ға ұлғайды және 14,4 млн. адам болды.

Елде ең танымал карточкалар халықаралық төлем жүйелерінің Visa International және MasterCard Worldwide карточкалары болып табылады, олардың үлесі айналыстағы төлем карточкаларының жалпы санынан 95,1% болды. Жергілікті төлем жүйелері карточкаларының ішінен ең көп тарағаны Altyn Card карточкасы (үлесі – 4,3%).

Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып, жүргізілген транзакциялар көлемі 2014 жылғы I тоқсанда 1 650,0 млрд. теңге сомаға (9,7 млрд. АҚШ долл.) 54,0 млн. транзакция болды. 2013 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда транзакциялар саны 11,7% (5,6 млн. транзакция), ал сомасы – 17,3% (243,3 млрд. теңге) ұлғайды.

Бұл ретте Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялар саны 2013 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда саны бойынша 8,2% және сомасы бойынша 17,7% ұлғайып, 1 418,5 млрд. теңге сомаға 39,2 млн. транзакция болды. Сонымен қатар Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып тауар және қызмет үшін қолма-қол жасалмайтын төлемдер 2013 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда саны және сомасы бойынша тиісінше 22,0% және 14,7% ұлғайып, 232,0 млрд. теңге сомаға 14,8 млн. транзакция болды.

2014 жылғы I тоқсандағы халықаралық және жергілікті желілердің төлем карточкалары жөніндегі мәліметтер

№ 1 кесте
бірлікпен

Банктің атауы	Жүйе	Айналыстағы карточкалар саны	Қолма-қол жасалмайтын төлемдер саны	Қолма-қол ақшаны алу бойынша транзакциялар саны
<i>Халықаралық жүйелер</i>				
«АТФБанк» АҚ	VISA	515 562	811 581	792 095
	MasterCard	155 825	48 020	297 538
«БТА Банк» АҚ	VISA	716 500	727 230	2 304 445
	MasterCard	244 905	171 126	810 914
«Банк ЦентрКредит» АҚ	VISA	951 541	603 216	2 910 715
	MasterCard	52 181	27 442	122 179
«Қазкоммерцбанк» АҚ	VISA	974 337	2 368 123	4 065 540
	MasterCard	348 053	603 535	1 168 305
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	VISA	3 085 404	3 641 811	14 144 097
	MasterCard	556 792	524 980	2 428 240
Басқалары		8 031 770	5 015 072	7 742 135
Халықаралық карточкалар, барлығы		15 632 870	14 542 136	36 786 203
<i>Жергілікті жүйелер</i>				
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Altyn	708 703	195 318	2 163 010
«БТА Банк» АҚ	SmartAlemCard	62 249	76 722	201 227
«Ситибанк Казахстан» АҚ	Ситикарт	146	-	-
Басқалары		243	-	-
Жергілікті жүйелер, барлығы		771 341	272 040	2 364 237
ЖИЫНТЫҒЫ		16 404 211	14 814 176	39 150 440

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі мынадай түрде берілген: Қазақстанда ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын 26 283 сауда кәсіпорындары жұмыс істейді (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсімі – 73,1% немесе 11 097 бір.), олар төлем

карточкаларына қызмет көрсетуге арналған жабдықты 37 319 сауда нүктелеріне орналастырды. Бұл ретте төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін 8 890 банкомат (01.04.2013 жылғы ахуалмен салыстырғанда өсуі – 2,6% немесе 225 бір.), 50 714 POS-терминал (өсуі - 44,3% немесе 15 558 бір.) және 168 импринтер (төмендеуі - 16,8% немесе 34 бір.) пайдаланылды.

**2014 жылғы 1 сәуірдегі төлем карточкаларына
қызмет көрсетуге арналған жабдық жөніндегі мәліметтер**

№ 2 кесте
бірлікпен

Банктің атауы	POS-терминалдар саны	Импринтерлер саны	Банкоматтар саны	Төлем карточкаларын ақы төлеуге қабылдайтын кәсіпкерлер саны
«АТФБанк» АҚ	3 473	92	704	2 049
«Kaspi Bank» АҚ	1 116	-	271	401
«БТА Банк» АҚ	2 017	73	916	1 205
«Банк ЦентрКредит» АҚ	4 401	1	704	2 797
«Казкоммерцбанк» АҚ	17 748	-	1 320	10 028
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	13 094	-	1 950	6 160
Басқалары	8 865	2	3 025	3 643
Жиынтығы	50 714	168	8 890	26 283

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2014 жылғы 3 ақпан

№ 7

Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативті белгілеу, Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативті есептеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі және «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін «Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті» пруденциялық нормативі белгіленсін.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің мәні күн сайын кемінде 1-ді құрауға тиіс.

2. Мына:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативті есептеу қағидалары;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 13 мамырда № 9410 тіркелген
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен 2014 жылғы 11 сәуірде келісілген*

*Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар
үшін пруденциялық нормативті есептеу қағидалары*

Осы Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативті есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушы) сақтауға міндетті «Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті» пруденциялық нормативін есептеу тәртібін белгілейді.

Қағидалар ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығы бар инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылмайды.

Сенімгерлікпен басқаруға берілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтері және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативін есептеу кезінде есепке алынбайды.

Қағидалардың инвестициялық портфельді басқарушының үлестес тұлғалары бөлігінде көзделген нормалары заңды тұлғаларға және олардың «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының көрсетілген ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан артық пайызын тікелей (банктер бойынша – жанама) иеленуі нәтижесінде инвестициялық портфельді басқарушымен үлестес болып табылатын үлестес тұлғаларына қолданылмайды.

**1. «Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті»
пруденциялық нормативін есептеу тәртібі**

1. Инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K = (\Theta A - M) / MKTM, \text{ мұндағы}$$

ΘA – инвестициялық портфельді басқарушының Қағидалардың 5-тармағына сәйкес өтімді деп танылатын өтімді активтері;

M – баланс бойынша міндеттеме;

$MKTM$ – меншікті капитал жеткіліктілігінің есебіне қабылданатын, Қағидалардың 2-тармағына сәйкес есептелген инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталының ең төмен мөлшері.

2. Егер:

басқаруға қабылданған активтердің құны 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңгеден аз болса, онда $MKTM = 181\,440\,000$ (бір жүз сексен бір миллион төрт жүз қырық мың) теңгеге тең болады;

басқаруға қабылданған активтердің құны 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңгеден астам болса, онда $MKTM = 181\,440\,000$ (бір жүз сексен бір миллион төрт жүз қырық мың) + $(BQA - 40\,000\,000\,000$ (қырық миллиард) теңге) * 0,0014 болады,

мұндағы BQA – басқаруға қабылданған активтер.

$MKTM$ ең жоғарғы мәні 1 600 000 000 (бір миллиард алты жүз миллион) теңгеден аспауы тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – уәкілетті орган) Standard & Poor's агенттігінің рейтингілік бағаларынан басқа Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингілік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингілік агенттіктер) рейтингілік бағаларын да мойындайды.

4. Қағидалардың мақсаты үшін халықаралық қаржы ұйымдары деп мынадай ұйымдар түсініледі:

Азия даму банкі (the Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);
Африка даму банкі (the African Development Bank);
Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);
Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);
Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank);
Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);
Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясы (ICD);
Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);
Көптарапты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі;
Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank).
Халықаралық валюта қоры;
Халықаралық даму қауымдастығы;
Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы;
Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);
Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).

5. Қағидалардың қосымшасында көзделген мөлшерде инвестициялық портфельді басқарушының өтімді активтері ретінде мынадай меншікті активтер танылады:

1) ақша, оның ішінде:

кассадағы ақша, инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде;

осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

бағалы қағаздардың орталық депозитарийіндегі шоттардағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-» санатынан төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді, жеке рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес банктердегі ағымдағы шоттардағы ақша;

ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында операцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдарға банк қызметтерін көрсететін Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдардағы шоттардағы ақша;

2) Қағидалардың Қосымшасында көрсетілген мөлшерде, ықтимал шығындарға резервтерді шегергендегі, мынадай талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі салымдар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда):

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шкала бойынша «kzB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

банктер Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес - бас банктің еншілес резидент - банктері болып табылады;

банктер Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) (бұдан әрі – № 77 қаулы) сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) және (немесе) екінші (ең жоғарғы) екінші санатына енгізілген эмитент-банктері болып табылады;

3) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді жеке рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес банктердегі салымдар;

4) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы

қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда) (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда);

5) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда);

6) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары;

7) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, № 77 қаулыда белгіленген «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) немесе екінші (ең жоғарғы) санаттарының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлғалардың акциялары;

8) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шкаласы бойынша «kzB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда);

9) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «борыштық бағалы қағаздар» секторының «бірінші шағын санатының рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)» санатының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш сомасы мен есептелген сыйақыны есепке алғанда);

10) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, осы тармақтың 8), 9) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, мынадай талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш сомасы мен есептелген сыйақыны ескере отырып):

қор биржасымен танылған рейтингілік агенттіктердің бағаларының бар болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейінгі кемінде екі жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептілікті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (International Financial Reporting Standards – IFRS) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданыстағы қаржылық есептіліктің стандарттарына (General Accepted Accounting Principles – GAAP) сәйкес жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

аудиторлық есеппен расталған борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігі кемінде аяқталған екі қаржы жылы үшін берілді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған, соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

соңғы екі жылдың біреуіндегі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің таза пайдасы аудиторлық есеппен расталған, соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымның – борыштық

бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызметі бойынша соңғы екі жылдың әрқайсысындағы сатылым мөлшері аудиторлық есеппен расталған, қаржылық есептілік деректері бойынша тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару кодексінің бар болуы;

осы бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінде болған уақытында борыштық бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің бар болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар қамтылмаған;

11) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда);

12) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда);

13) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің акциялары;

14) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

15) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

16) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, № 77 қаулыға сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші (ең жоғары) және (немесе) екінші (ең жоғары) санаттарына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

17) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда);

18) тазартылған бағалы металдар және металл депозиттері;

19) ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары акционерлері болып табылатын, бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың акциялары;

20) инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын сомада шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген қызметкерлер мен басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергенде, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде);

21) инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының бес пайызынан аспайтын сомадағы жылжымайтын мүлік түріндегі инвестициялық портфельді басқарушының негізгі қаражаты танылады.

6. Инвестициялық портфельді басқарушы бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті қоса атқарған жағдайда «меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті» пруденциялық нормативін есептеу және

басқа нормативтер Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 26 қыркүйектегі № 215 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5810 тіркелген) белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

7. Инвестициялық портфельді басқарушы осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша, Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша әрбір жұмыс күні пруденциялық нормативтің есебін жүргізеді. Қағаз тасымалдағыштағы пруденциялық нормативтің есебіне және пруденциялық нормативті есептеуге арналған қосымша мәліметтерге (бұдан әрі – қосымша мәліметтер) инвестициялық портфельді басқарушының бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтері қол қояды, мөрмен куәландырылады және инвестициялық портфельді басқарушыда сақталады.

2. Пруденциялық нормативтің есебін және пруденциялық нормативтің есебі үшін қосымша мәліметтерді ұсыну тәртібі

8. Пруденциялық нормативтің есебі және қосымша мәліметтер уәкілетті органға осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес есепті айдың соңғы күнтізбелік күні үшін есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

9. Пруденциялық нормативтің есебі қағаз тасымалдағышта және электрондық форматта беріледі.

Почта кәсіпорнының штемпелінде көрсетілген жіберу күні қағаз тасымалдағышта есептерді беру күні болып табылады.

10. Қосымша мәліметтер уәкілетті органға электрондық форматта беріледі.

11. Пруденциялық нормативтің есебіндегі және қосымша мәліметтердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі.

12. Пруденциялық нормативтің есебін және қосымша мәліметтерді толтырған кезде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүзден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең немесе одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

13. Электрондық форматтағы қосымша мәліметтер және пруденциялық нормативтердің есебі ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар, ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

14. Электрондық форматта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін инвестициялық портфельді басқарушының бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам) және бас бухгалтері қамтамасыз етеді.

15. Есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болғанда, инвестициялық портфельді басқарушы уәкілетті органға пысықталған есептілікті және есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін көрсете отырып жазбаша түсініктемені ұсынады.

16. «Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті» пруденциялық нормативін бұзған жағдайда, инвестициялық портфельді басқарушы бұзушылық болған сәттен бастап күнтізбелік үш күн ішінде уәкілетті органға пруденциялық нормативті бұзу фактісі мен себептері туралы, оны жою шараларының жоспарын ұсына отырып хабарлайды.

Инвестициялық портфельді
басқаруды жүзеге асыратын
ұйымдар үшін пруденциялық
нормативті есептеу қағидаларына
қосымша

Нысан

«Пруденциялық нормативті есептеу»

Есепті кезең: __. __. __ж.

Нысанның индексі: Н1-ИПБ

Ақпаратты жинақтау кезеңділігі: ай сайын

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар аясы: инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей.

(мың теңге)

№	Көрсеткіштің атауы	Баланс бойынша сома	Есепке алынатын көлем (%)	Есеп айырысуға сома
1	2	3	4	5
	Ақша - барлығы (1.1.-1.5-жолдарының қосындысы), оның ішінде:		100	
1.1.	кассадағы ақша (инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайды)		100	
1.2.	Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша		100	
1.3.	бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің шоттарындағы ақша		100	

1.4.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-» санатынан төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді жеке рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес банктердегі ағымдағы шоттардағы ақша		100	
1.5.	Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында операцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдарға банктік қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдардағы шоттардағы ақша		100	
	Мына талаптардың біреуіне сәйкес келген кезде, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ықтимал шығындар бойынша резервтер шегерілген салымдар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып): банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің осындай деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шкаласы бойынша «kzB»-ден төмен емес рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осындай деңгейдегі рейтингі бар; банктер Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар резидент емес - бас банктің еншілес резидент - банктері болып табылады		100	
	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі, осы эмитент-банктер № 77 қаулысына сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы санатына) енгізілуі талабымен, ықтимал шығындарға резервтер шегерілген, негізгі борыш пен есептелген сыйақы есепке алынған салымдар.		80	
	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі, осы эмитент-банктер № 77 қаулысына сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының екінші (ең жоғарғы санатына) енгізілуі талабымен, ықтимал шығындарға резервтер шегерілген, негізгі борыш пен есептелген сыйақы есепке алынған салымдар.		70	

<p>Ықтимал шығындарға резервтер шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-» санатынан төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді жеке рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес банктердегі негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомалары есепке алынған салымдар</p>		100	
<p>Ықтимал шығындар бойынша резервтерді шегергенде, басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)</p>		100	
<p>Ықтимал шығындар бойынша резервтерді шегергенде, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)</p>		100	
<p>Ықтимал шығындар бойынша резервтерді шегергенде, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес болып табылмайтын, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары</p>		100	
<p>Ықтимал шығындар бойынша резервтерді шегергенде, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес болып табылмайтын заңды тұлғалардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының бірінші (ең жоғары) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялары</p>		70	
<p>Ықтимал шығындар бойынша резервтерді шегергенде, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес болып табылмайтын заңды тұлғалардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының екінші (ең жоғары) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялары</p>		50	

<p>Ықтимал шығындар бойынша резервтерді шегергенде, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осындай деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)</p>		100	
<p>Ықтимал шығындар бойынша резервтерді шегергенде инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, № 77 қаулыға сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «рейтингтік бағасы бар (ең жоғары санаты) борыштық бағалы қағаздар» санатына енгізілген, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B+»-тен «B-»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шкаласы бойынша «kzB+»-тен «kzB-» дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осындай деңгейдегі рейтингі бар, мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)</p>			

	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, № 77 қаулыда көзделген «бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздары (ең жоғарғы санат)» санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған инвестициялық портфельді басқарушыға қатынасы бойынша үлестес тұлғалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)		80	
	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, осы Қағидалардың 5-тармағы 10) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)		80	
15.	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)			
16.	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)			
17.	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)			

18.	Біқтимал шығындарға резервтерді шегергенде, базалық активі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттар			
19.	Біқтимал шығындарға резервтерді шегергенде, базалық активтері Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасын эмитенттерінің акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттар			
20.	Біқтимал шығындарға резервтерді шегергенде, № 77 қаулыға сәйкес базалық активі қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттар			
21.	Біқтимал шығындарға резервтерді шегергенде, № 77 қаулыға сәйкес базалық активі қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының екінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттар			
22.	Біқтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен кем емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)			
23.	Тазартылған бағалы металдар және металл депозиттері			
24.	Біқтимал шығындар резервтерін шегергенде, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары акционерлері болып табылатын, бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын өзге заңды тұлғалардың акциялары			

25.	Инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын сомада шарт талаптары бойынша мерзімі ұзартылмаған қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергенде, инвестициялық портфельді басқарушыға қатынасы бойынша үлестес тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде)		100	
26.	Инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының бес пайызынан аспайтын сомада жылжымайтын мүлік түріндегі инвестициялық портфельді басқарушының негізгі қаражаты			
27.	Өтімді активтердің жиынтығы (1-26- жолдардың сомасы) – ӨА		x	
28.	Баланс бойынша міндеттемелер		x	
29.	Меншікті капиталдың барынша төмен мөлшеріх (МКТМ)		x	
30.	К1 «Меншікті капиталдың жеткіліктілігіх нормативі» ((27-жол - 28-жол)/29-жол) 1-ден кем емес		x	

Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымның толық атауы _____

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам) _____

күні _____

Бас бухгалтер _____ күні _____

Орындаушы _____ күні _____

Телефон: _____

Мөр орны

*Әкімшілік деректерді жинақтауға арналған
«Пруденциялық нормативті есептеу» нысанын
толтыру жөніндегі түсіндіру*

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндіру «Пруденциялық нормативті есептеу» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 62-5-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйым ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы өтімді активтері, міндеттемелері, меншікті капиталының ең төменгі мөлшері және меншікті капиталының жеткіліктілік нормативі бойынша толтырады.

4. Қаржы есептілігін жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2. Есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндіру

6. 3-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 5-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы есептеуге арналған, 3 және 4-бағандар деректерінің қосындысы ретінде есептелген сома көрсетіледі.

8. Реттік нөмірі 30-жолда баланс бойынша өтімді активтер мен міндеттемелер айырмасының меншікті капиталдың ең төменгі мөлшеріне қатынасы ретінде есептелген меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті көрсетіледі.

«Пруденциялық нормативті есептеу үшін қосымша мәліметтер»

Есепті кезең: __. __. ____ ж.

Нысанның индексі: Н2-ИПБ

Ақпаратты жинақтау кезеңділігі: ай сайын

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар аясы: инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей.

(мың теңге)

Белгінің №	Көрсеткіштердің атауы	Баланс бойынша сомасы
8001	Инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының бес пайызынан аспайтын сомада жылжымайтын мүлік түріндегі инвестициялық портфельді басқарушының негізгі қаражаты	
8002	Басқа негізгі қаражаттар	
8003	Инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын сомада шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген жұмыскерлер мен басқа да тұлғалардың дебиторлық берешегін шегеріп тастағандағы инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындардың резервтерін шегергенде)	
8004	Басқа дебиторлық берешек (ықтимал шығындардың резервтерін шегергенде)	
8005	Тазартылған бағалы металдар және металл депозиттері	
8006	Мына талаптардың біреуіне сәйкес келгенде, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша «kzB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар; ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, банктер Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес бас банктің резидент еншілес банктері болып табылады (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8007	Аталған эмитент-банктер № 77 қаулыға сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген деген талаппен, ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	
8008	Аталған эмитент-банктер № 77 қаулыға сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының екінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген деген талаппен, ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	
8009	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді жеке рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес банктердегі салымдары	
8010	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша	
8011	Бағалы қағаздардың орталық депозитарийдегі шоттардағы ақша	

8012	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді жеке рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша	
8013	Бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында операцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдарға банк қызметтерін көрсететін резидент емес ұйымдардың шоттарындағы ақша	
8014	брокердің және дилердің балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын кассадағы ақша	
8015	Өзге ақша	
8016	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналымға шығарылғандарды қоса алғанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8017	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8018	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша рейтингі бар үлестес тұлғалар болып табылмайтын, Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары	
8019	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, № 77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының бірінші (ең жоғары) санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайтын заңды тұлғалардың акциялары	
8020	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, № 77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының екінші (ең жоғары) санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайтын заңды тұлғалардың акциялары	
8021	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар үлестес тұлғалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	

8022	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, № 77 қаулыға сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)» санатына енгізілген, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B+»-тен «B»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша «kzB+»-тен «kzB»-ке дейінгі рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар үлестес тұлғалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8023	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, № 77 қаулыда көзделген «бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)» санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8024	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, осы Қағидалардың 5-тармағының 10) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8025	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8026	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8027	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, бағалы қағаздармен саудасаттықты ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары акционерлері болып табылатын, бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың акциялары	

8028	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	
8029	Ықтимал шығындар резервтерін шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	
8030	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, №77 қаулыға сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	
8031	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, № 77 қаулыға сәйкес қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының екінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	
8032	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8033	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып)	
8034	Басқа бағалы қағаздар	

Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымның толық атауы _____

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ күні _____

Бас бухгалтер _____ күні _____

Орындаушы _____ күні _____

Телефон: _____

Мөр орны

*Әкімшілік деректерді жинақтауға арналған
«Пруденциялық нормативті есептеу үшін қосымша мәліметтер» нысанын
толтыру жөніндегі түсіндіру*

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндіру «Пруденциялық нормативті есептеу үшін қосымша мәліметтер» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 62-5-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйым ай сайын, есепті кезеңнің соңында жасайды.

4. Пруденциялық нормативті есептеу кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүзге теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Есептің нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2. Есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндіру

6. 3-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы деректер көрсетіледі.

*Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5406 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 14 қаңтарда № 5 (1428) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесінде:

1-тармақтың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Қор биржасының сауда жүйесінде «автоматты» тәсілмен жүзеге асырылатын «репо» операциялары былайша жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарының облигацияларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша;

2) қор биржасының ресми тізіміндегі «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген акциялар бойынша;

3) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B-»-дан төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's немесе Fitch ұлттық шкаласы бойынша «kzB-»-дан төмен емес немесе Moody's Investors Service ұлттық шкаласы бойынша «kzB3»-дан төмен емес ең төменгі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар бойынша;

4) қор биржасының ресми тізіміндегі «бірінші шағын санатты рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатына енгізілген борыштық бағалы қағаздар бойынша;

5) қор биржасы индексінің өкілдік тізіміндегі акциялар бойынша.

Қор биржасының сауда жүйесінде «тікелей» тәсілмен жүзеге асырылатын «репо» операцияларының мәні болып табылатын тізбесі бағалы қағаздар қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленеді.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листингтік комиссиясының құрамына қойылатын талаптар туралы және Сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерге қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту жөнінде» 2008 жылғы 28 қарашадағы № 195 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5495 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Листингтік комиссияның құрамына мыналар кіреді:

1) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) өкілі;

2) қор биржасының атқарушы органының қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген бағалы қағаздар тізімінің листингі, делистингі немесе санатын ауыстыру мәселелеріне жетекшілік ететін мүшесі;

3) қор биржасының директорлар кеңесінің мүшелері.

Қор биржасының листингтік комиссияның құрамына қор биржасының ірі акционерінің өкілі кіреді.»;

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Директорлар кеңесі листингтік комиссияның төрағасын листингтік комиссияның мүшелері арасынан сайлайды.

Листингтік комиссияның төрағасы мыналар:

- 1) қор биржасының атқарушы органының мүшелері;
- 2) уәкілетті органның өкілдері болып табылатын листингтік комиссияның мүшелері сайланбайды.

7. Листингтік комиссияның отырыстары осы қаулының 4-тармағында көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органның өкілін қоса алғанда, листингтік комиссияның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырыста қатысу талабымен қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Листингтік комиссияның отырысына бағалы қағаз эмитентінің және жасалған шартқа сәйкес эмитентке оның бағалы қағаздарын сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізу мәселелері бойынша кеңес беру қызметін көрсететін ұйымының өкілдері (бұдан әрі – қаржы кеңесшісі) шақырылуы мүмкін.»;

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңы айқындаған қор биржасы эмитенттерінің аудиті жөніндегі комитеттің құрамына уәкілетті органның өкілі кіреді.»;

15-3-тармақ алып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Клиринг ұйымдарының есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 119 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7673 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 8 тамызда № 477-482 (27555) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиринг ұйымдарының есептілікті ұсыну қағидаларында: кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Клиринг ұйымдарының есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және клиринг ұйымдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсыну мерзімдері мен тәртібін белгілейді.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, клиринг ұйымы пысықталған есептілікті және есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін көрсете отырып, жазбаша түсіндірмені уәкілетті органға ұсынады.»;

1-қосымша осы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдардың және өзге жабдықтардың нұсқаулығын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 165 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7734 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 28 тамызда № 562-569 (27642) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдардың және өзге жабдықтардың нұсқаулықта:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Бағдарламалық-техникалық құралдардың және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті өзге жабдықтардың нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар мен өзге жабдықтарға (бұдан әрі – бағдарламалық қамтамасыз ету) қойылатын талаптарды және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларында сақталған деректерге санкцияланбаған қол жеткізуден ақпаратты сақтау мен қорғауды қамтамасыз ететін қауіпсіз жұмысты ұйымдастыруды айқындайды.

Нұсқаулық бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалған тиісті келісім негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық ресурстарын пайдалану кезінде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.»;

2-тармақтың 1) тармақшасының он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«белгілі күнге және уақытқа жеке шоттан (қосалқы шоттан) үзінді-көшірмелерді, жүргізілген операциялар туралы есептерді, бағалы қағаздарды ұстаушылардың, орталық депозитарийдің, эмитенттердің және уәкілетті органның сұратулары бойынша есептерді, хабарламаларды және

анықтамаларды жасауды және беруді;».

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және инвестициялық қорлардың қаржылық есептілігінің нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 27 мамырдағы № 130 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 12 шілдеде № 8571 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 12 қыркүйекте № 137 (2338) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-қосымша осы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне

4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және инвестициялық қорлардың қаржылық есептілігін ұсыну қағидаларында:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы және мынадай қаржы ұйымдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және аудиторлық ұйым растаған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілікті қағаз тасымалдағышта ұсынады:

- 1) екінші деңгейдегі банктер;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері;
- 3) жинақтаушы зейнетақы қорлары;
- 4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;
- 5) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары;
- 6) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 7) тіркеуші;
- 8) инвестициялық портфельді басқарушылар;
- 9) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар;
- 10) бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 11) қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды және ерекше қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

2. Өзара сақтандыру ұйымдары жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған жылдық қаржылық есептілікті қағаз тасымалдағышта ұсынады.

3. Арнайы қаржы компаниялары және исламдық арнайы қаржы компаниялары жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған меншікті қаражаты бойынша жылдық қаржылық есептілікті қағаз тасымалдағышта ұсынады.

Арнайы қаржы компаниясы меншікті қаражаты бойынша жылдық қаржылық есептілікке қоса осы қаулының 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша бөлінген активтер мен облигациялар бойынша бухгалтерлік балансты ұсынады.

Исламдық арнайы қаржы компаниясы меншікті қаражаты бойынша жылдық қаржылық есептілікке қоса осы қаулының 2 және 3-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша бөлінген активтер

бойынша бухгалтерлік балансты және бөлінген активтер бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы Қағидалардың 1-тармағында көрсетілген ұйымдар Ұлттық Банкке бұрын ұсынылған қаржылық есептілікке оны жоғарғы орган бекіту кезінде түзетулер енгізген жағдайда, ол жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей Ұлттық Банкке түзетілген қаржылық есептілікті ұсынады.»;

8-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) инвестициялық портфельді басқарушылар осы қаулының 10, 11, 13 және 14-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Инвестициялық портфельді басқарушылар осы қаулының 13-қосымшасында белгіленген нысанды толтыру кезінде сенімгерлікпен басқаруға берілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін көрсетпейді.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

13. Қағаз тасымалдағыштағы қаржылық есептілікке бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам) және бас бухгалтер қол қойып, мөрмен куәландырылады және ұйымда сақталады. Ұлттық Банктің және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалының талап етуі бойынша ұйым сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей түзетілген және өшірілген жерлері болмауы тиіс қағаз тасымалдағыштағы қаржылық есептілікті ұсынады.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

15. Қаржылық есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда ұйым қаржылық есептілік ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш ұсынады.».

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) сәйкес әзірленді және брокерлік және дилерлік қызметті (бұдан әрі – брокер және (немесе) дилер), инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті (бұдан әрі – Басқарушы) жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін белгілейді.».

Қағидаларда көзделген, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдау үшін пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге, сондай-ақ Басқарушы қызметін автоматтандыруға қойылатын талаптар Басқарушы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалған тиісті келісім негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық ресурстарын пайдалану кезінде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қағидалардың мақсаты брокерде және (немесе) дилерде, Басқарушыда тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыруға қойылатын талаптарды айқындау болып табылады.

Қағидалардың 42-тармағы 3) тармақшасының, 43-тармағы 4), 5), 6) және 7) тармақшаларының, 46, 48, 54, 55, 56 және 57-тармақтарының талаптары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес ұйымын сенімгерлікпен басқаруға берілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқаруға қатысты қолданылмайды.»;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Басқарушының және Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің меншікті

активтері мен инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің активтері бойынша баға тәуекелі, пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және өтімділік тәуекелі жөніндегі стресс-тестинг Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес екі айда бір рет есептеледі.

Стресс-тестинг нәтижелері Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес әрбір жұп айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірілмей ресімделеді.

9. Басқарушы және Басқарушы болып табылатын брокер және (немесе) дилер Қағидалардың 3 және 4-қосымшалары бойынша ақпаратты есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ресімдейді.»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Басқарушы және Басқарушы болып табылатын брокер және (немесе) дилер Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында жазылған ақпаратты қағаз тасымалдағышта және электрондық форматта резервтеуді және сақтауды қамтамасыз етеді.»;

20-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, тиісті органдардың, активтері басқаруға қабылданған клиенттердің алдында клиенттердің инвестициялық портфельін басқару жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы есептілікті дайындау.»;

21-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің тиісті органдарының алдында меншікті активтерді басқару жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы есептілікті дайындау жөніндегі рәсімдердің сипаттамасы.»;

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«93. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі аудит қызметінің есептері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне оның сұратуы бойынша ұсынылады.»;

96-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінен тоқсанына бір рет мыналар туралы ақпаратты:

аппараттық-бағдарламалық техникалық кешендердің жағдайы;

есепті кезең ішінде анықталған техникалық проблемалар;

брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі рәсімдеріне анықталған сәйкессіздіктер;

проблемалар мен сәйкессіздіктердің қайталап туындауын жою және болдырмау үшін қабылданған шаралар туралы ақпаратты алады;

Осы тармақшада көрсетілген ақпарат Басқарушы мен Ұлттық Банк арасында жасалған тиісті келісім негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық ресурстарын пайдалану кезінде ұсынылмайды.».

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 27 тамыздағы № 230 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 29 қазанда № 8857 тіркелген) қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы он бірінші бөлікпен толықтырылсын:

«Инвестициялық портфельді басқарушылар осы қаулының 6, 7, 8, 9, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларында белгіленген нысандарды толтыру кезінде сенімгерлікпен басқаруға берілген уәкілетті органның алтынвалюта активтерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін көрсетпейді.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқаратын, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептілігін ұсыну жөніндегі қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, Ұйым уәкілетті органға пысықталған есептілікті және есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себебін көрсете отырып жазбаша түсіндіру ұсынады.».

Қазақстан Республикасының бағалы
қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері
бойынша өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
1-қосымша

«Клиринг ұйымдарының
есептілікті ұсыну қағидаларына
1-қосымша

Нысан

«Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілердің нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелері туралы есеп»

Есепті кезең: __. __. ____ ж.

Нысанның индексі: Н1-КҮ

Ақпаратты жинақтау кезеңділігі: күн сайын

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар аясы: клиринг ұйымдары

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Нысанды ұсыну мерзімі: есепті күннен кейінгі күннің Астана қаласының уақытымен сағат 12.00-ден кешіктірмей.

теңге

№	Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің атауы	Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің коды	Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің міндеттемелері	Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің талаптары
1	2	3	4	5
1				
2				
n.				

кестенің жалғасы

Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің нетто-позициясы	Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъекті мәмілелерінің саны	Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъекті мәмілелерінің көлемі	Маржа жарналарының сомасы	Қаржы нарығының секторы
6	7	8	9	10

Клиринг ұйымының толық атауы _____

Орындаушының тегі, аты және, болған кезде, әкесінің аты _____

*Әкімшілік деректерді жинақтауға арналған
«Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілердің нетто-талаптары мен нетто-
міндеттемелері туралы есеп» нысанын
толтыру жөніндегі түсіндіру*

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндіру «Клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілердің нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелері туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 62-5-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды клиринг ұйымы күн сайын жасайды.

4. Есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі теңгемен белгіленеді.

5. Есеп нысаны клирингтік қызмет көрсетуге қабылданатын қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ғана ұсынылады.

6. Есеп нысанында есеп нысанын дайындаған орындаушының тегі, аты және, болған кезде, әкесінің аты көрсетіледі.

2. Есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндіру

7. 2-бағанда клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің атауы көрсетіледі.

8. 3-бағанда клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің коды көрсетіледі.

9. 4-бағанда клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің міндеттемелері көрсетіледі.

10. 5-бағанда клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің талаптары көрсетіледі.

11. 6-бағанда клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің 4 және 5-бағандарда көрсетілген деректердің айырмасы ретінде есептелген нетто-позициясы көрсетіледі.

12. 7-бағанда клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъекті мәмілелерінің саны көрсетіледі.

13. 8-бағанда клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъекті мәмілелерінің көлемі көрсетіледі.

14. 9-бағанда клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектінің және оның клиенттерінің маржалық жарналарының сомасы көрсетіледі.

15. 10-бағанда қаржылық құралдары клирингтік қызмет көрсетуге қабылданатын қаржы нарығының секторы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының бағалы
қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері
бойынша өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
2-қосымша

«Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 мамырдағы
№ 130 қаулысына
1-қосымша

Нысан

«Бөлінген активтер мен облигациялар бойынша бухгалтерлік баланс»

Есепті кезең: 01.01.20 __ жыл

Нысанның индексі: Н1-АҚК

Ақпаратты жинақтау кезеңділігі: жыл сайын

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар аясы: арнайы қаржы компаниялары

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Нысанды ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңында	Өткен жылдың соңында
1	2	3	4
Активтер			
Бөлінген активтер	1		
оның ішінде:			
талап ету құқықтары	1.1		
кастодиан банктің шоттарындағы бөлінген активтер	1.2		
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	2		
Акциялар	3		
Борыштық бағалы қағаздар	4		
Туынды бағалы қағаздар	5		
Басқа активтер	6		
Активтердің жиынтығы	7		
Міндеттемелер			
Шығарылған облигациялар	8		
Есептелген купон бойынша кредиторлық берешек	9		
Басқа міндеттемелер	10		
Міндеттемелердің жиынтығы	11		

Арнайы қаржы компаниясының толық атауы

Бірінші басшы
(ол болмаған кезеңде - оның
орнындағы адам) _____ күні _____

Бас бухгалтер _____ күні _____

Орындаушы _____ күні _____

Телефон _____

Мөр орны

*Әкімшілік деректерді жинақтауға арналған
«Бөлінген активтер мен облигациялар бойынша бухгалтерлік баланс» нысанын толтыру жөніндегі
түсіндіру*

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндіру «Бөлінген активтер мен облигациялар бойынша бухгалтерлік баланс» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 43) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Есептің нысанын арнайы қаржы компаниясы жыл сайын жасайды және есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша бөлінген активтер мен облигациялар бойынша толтырады.

4. Қаржы есептілігін жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Есептің нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2. Есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндіру

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 4-бағанды толтыру кезінде алдыңғы есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, алдыңғы есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 1 – 11-жолдар аралығында бас кітаптан немесе деректер базасынан алынған ақпарат негізіндегі және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріле отырып топтастырылған деректер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының бағалы
қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері
бойынша өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
3-қосымша

«Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 мамырдағы
№ 130 қаулысына
2-қосымша

Нысан

«Бөлінген активтер бойынша бухгалтерлік баланс»

Есепті кезең: 01.01.20 __ жыл

Нысанның индексі: Н1-ИАҚК

Ақпаратты жинақтау кезеңділігі: жыл сайын

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар аясы: исламдық арнайы қаржы компаниялары

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Нысанды ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңында	Өткен жылдың соңында
1	2	3	4
Активтер			
Екінші деңгейдегі банктердің шоттарындағы ақша	1		
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	2		
Акциялар (қатысу үлестері)	3		
Жалға берілген бөлінген активтер	4		
Басқа да активтер	5		
Активтердің жиынтығы	6		
Міндеттемелер			
Айналысқа шығарылған исламдық жалдау сертификаттары	7		
Айналысқа шығарылған исламдық қатысу сертификаттары	8		
Исламдық бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеуге байланысты кредиторлық берешек	9		
олардың ішінде:			
исламдық жалдау сертификаттары бойынша	9.1		
исламдық қатысу сертификаттары бойынша	9.2		
Комиссиялық сыйақылар бойынша кредиторлық берешек	10		
Басқа да міндеттемелер	11		
Міндеттемелердің жиынтығы	12		

Исламдық арнайы қаржы компаниясының атауы

Бірінші басшы

(ол болмаған кезеңде –
оның орнындағы адам)

_____ күні _____

Бас бухгалтер

_____ күні _____

Орындаушы

_____ күні _____

Телефон

Мөр орны

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндіру «Бөлінген активтер бойынша бухгалтерлік баланс» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 43) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Есептің нысанын исламдық арнайы қаржы компаниялары жыл сайын жасайды және есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша бөлінген активтер бойынша толтырады.

4. Қаржы есептілігін жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Есептің нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2. Есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндіру

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 4-бағанды толтыру кезінде алдыңғы есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, алдыңғы есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 1 – 12-жолдар аралығында бас кітаптан немесе деректер базасынан алынған ақпарат негізіндегі және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріле отырып топтастырылған деректер көрсетіледі.»

Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығындағы
қызмет мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне
4-қосымша

«Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 мамырдағы
№ 130 қаулысына
3-қосымша

Нысан

«Бөлінген активтер бойынша пайда мен зиян туралы есеп»

Есепті кезең: 01.01.20 __ жыл

Нысан индексі: Н2-ИАҚҚ

Ақпаратты жинақтау кезеңділігі: жыл сайын

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар аясы: исламдық арнайы қаржы компаниялары

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Нысанды ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті жылы	Өткен жылы
1	2	3	4
Кірістер			
Қаржылық жалдаудан түскен кірістер	1		
Операциялық жалдаудан түскен кірістер	2		
Инвестициялық жоба бойынша кірістер	3		
олардың ішінде:			
акциялар бойынша дивидендтер түрінде	3.1		
Басқа да кірістер (түсімдер)	4		
Кірістердің жиынтығы	5		
Шығыстар			
Исламдық бағалы қағаздар бойынша кірістерді төлеуге байланысты шығыстар	6		
олардың ішінде:			
исламдық жалдау сертификаттары бойынша	6.1		
исламдық қатысу сертификаттары бойынша	6.2		
Комиссиялық сыйақылар	7		
Операциялық шығыстар	8		
оның ішінде:			
амортизациялық аударымдар және тозу	8.1		
ағымдағы салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	8.2		
Басқа да шығыстар	9		
Шығыстардың жиынтығы	10		
Резервтік қорды құрғанға дейінгі таза пайда	11		
Резервтік қорды қалыптастыру (қалпына келтіру) бойынша шығыстар	12		
Таза пайданың (зиянның) жиынтығы	13		

Исламдық арнайы қаржы компаниясының толық атауы

Бірінші басшы

(ол болмаған кезеңде –
оның орнындағы адам)

_____ күні _____

Бас бухгалтер

_____ күні _____

Орындаушы

_____ күні _____

Телефон

Мөр орны».

*Әкімшілік деректерді жинақтауға арналған
«Бөлінген активтер бойынша пайда мен зиян туралы есеп»
нысанын толтыру жөніндегі түсіндіру*

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндіру «Бөлінген активтер бойынша пайда мен зиян туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 43) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Есептің нысанын исламдық арнайы қаржы компаниялары жыл сайын жасайды және есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша бөлінген активтер бойынша толтырады.
4. Қаржы есептілігін жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.
5. Есептің нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2. Есеп нысанын толтыру жөніндегі түсіндіру

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңдегі деректер көрсетіледі.
7. 4-бағанда өткен кезеңдегі деректер көрсетіледі.
8. 1 – 13-жолдар аралығында бас кітаптан немесе деректер базасынан алынған ақпарат негізіндегі және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріле отырып топтастырылған деректер көрсетіледі.

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылатын
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 122 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5332 тіркелген, 2008 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 11 жарияланған).

2. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, бағалы қағаздарды ұстаушылар жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтерін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 5 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5578 тіркелген) 3-тармағы.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, бағалы қағаздарды ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтерін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 185 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5777 тіркелген) 3-тармағы.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 265 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6039 тіркелген) 3-тармағы.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 131 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6554 тіркелген) тізбенің 20-тармағы.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 20 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7439 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 24 мамырда № 261-266 (27340) жарияланған) қосымшаның 5-тармағы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2013 жылғы 25 желтоқсан

№ 289

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және
Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық
есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес
провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы»
2013 жылғы 25 ақпандағы № 65 қаулысына өзгерістер енгізу туралы*

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8670 тіркелген, 2013 жылғы 17 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 233 (28172) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларында:

2-тармақтың 5), 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) қаржы ұйымдары – банктер (ұлттық даму институты болып табылатын, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банкті қоспағанда) және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

6) провизиялар (резервтер) – қаржы активінің құнсыздануынан болған зиянның немесе шартты міндеттемені орындаудан болған зиянның сомасы;

7) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құрылған провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар уәкілетті органның ескертулері жоқ Әдістеме негізінде Қағидаларға сәйкес айқындалады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жеке активтер бойынша провизиялардың (резервтердің) сомасын Қазақстан Республикасының салық заңнамасында корпоративтік табыс салығы бойынша белгіленген салық кезеңінің соңына жылына кемінде бір рет айқындау нәтижелері бойынша мынадай тіркелімдер толтырылады:

провизиялардың (резервтердің) мөлшерлері бойынша ақпарат – Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген 1-нысан бойынша;

болашақ ақша ағындарының дисконтталған құнының есебі – Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген 2-нысан бойынша;

құнсыздануына байланысты провизиялар (резервтер) құрылған жеке актив бойынша деректер – Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген 3-нысан бойынша.

Салық кезеңінің ішінде тіркелімдер электрондық түрде толықтырылады және сақталады және мемлекеттік органдардың сұратуы бойынша қағаз тасымалдауышта ұсынылады.»;

10, 11 және 12-тармақтар алып тасталсын;

16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Қаржы ұйымы бекітілген Әдістеменің көшірмесін, Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша Әдістемеге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Әдістеме,

Әдістемеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекітілгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.

Бекітілген Әдістемені қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган бекітілген Әдістеменің көшірмесін алған күннен бастап күнтізбелік жүз жиырма күннен кешіктірмей қаржы ұйымына Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ескертулердің болмауы немесе болуы туралы хабарлама жібереді.

Әдістемеге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ банк қызметі мәселелері бойынша бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында уәкілетті орган қаржы ұйымына Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ескертулердің болмауы немесе болуы туралы хабарлама жібереді.

Уәкілетті органның ескертулері осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген уәкілетті органның хабарламаларында айқындалған мерзімдерден кешіктірілмей жойылады.

Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген негіздер бойынша өзгертуге және (немесе) толықтыруға жататын Әдістеме уәкілетті органның ескертулері жойылғанға дейін, сондай-ақ оны халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіргенге дейін қолданылмайды.

17. Уәкілетті орган салық қызметі органының сұратуы бойынша осындай сұрату алынған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Әдістеменің, оған өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмелерін, сондай-ақ уәкілетті органның ескертулері туралы ақпаратты ұсынады.

18. Салықтық тексеру жүргізу кезінде уәкілетті орган салық қызметі органының сұратуы бойынша осындай сұратуды алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Әдістеменің Қағидаларға сәйкес келетіндігі туралы қорытынды ұсынады.»;

4-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. 2013 жыл үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құрылған провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар 2013 жылдың аяғындағы жағдай бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған аудиттелген жеке жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген шығыстар сомасы ретінде айқындалатыны белгіленсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және осы қаулының 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылатын 1-тармағының бесінші және алтыншы абзацтарын қоспағанда, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*ҚР Әділет министрлігінде 2014 жылғы 5 мамырда № 9387 болып тіркеледі
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен 2014 жылғы 7 сәуірде келісілген*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 289 қаулысына
қосымша

Халықаралық қаржылық есептік
стандарттарына және Қазақстан Республикасының
бухгалтерлік есеп және қаржылық есептік
туралы заңнамасының талаптарына сәйкес
провизиялар (резервтер) құру қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Әдістемеге ескертулердің болмауы немесе болуы туралы хабарлама

_____ жылғы «__» _____ № _____

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі _____

_____ (ұйымның мекенжайы)

_____ (ұйымның атауы)

келтірілген кестеге сәйкес Әдістемеге өзгерістердің болмауы туралы
Әдістемеге ескертулердің болуы туралы
хабарлайды.

Р/с №	Жобаның құрылымдық элементі	Жобаның редакциясы	Ескерту	Түзету мерзімі
1.				
2.				
...				

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
басшысы немесе басшысының орынбасары

_____ (аты-жөні, қолы)

Орындаушы _____
(аты-жөні, қолы, телефоны)

Хабарламаны алды _____
(ұйым қызметкерінің аты-жөні, қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге жіберілді

_____ (жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжаттың атауы, күні, нөмірі)

